

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

4. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және болмысты сезіну мен саралау./М.О.Әуезовтің көркемдік дүниетанымдық ізденістері (1920-30 жылдар) – Алматы: М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. 2006. -304.
5. Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методические проблемы когнитивной лингвистики: Сборник научных трудов / Под ред. И.А. Стернина. – Воронеж, 2001. – С.
6. М.Әуезов шығармаларының 50 томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым, 1998 3-т. 392 б.
7. Подольный Р.Г. Освоение времени. - Москва:Политиздат, 1983. 312
8. М.Әуезов әңгімелері. Алматы «Жалын» 1987. -176 б.
9. Известия НАН РК. Серия филологическая, 2010 №1, Е.Хантай «М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесіндегі көркемдік мекеншак (хронотоп) мәселесі»
10. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы: Ана тілі. 2011. 184 б.
11. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2006. 486 б.
12. Жұртбай Т. Бесігінді түзе! Жауыздықтың қолында бір ойыншық немесе «Қорғансыздың күні». -Алматы: Жазушы, 1997. 217 б.
13. Аманшаев Е. Жалғандағы жалғыздық, Уақыт және қаламгер: Әдеби-сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1990. 170 б.

ӘОЖ 02.17

ЖАН ДИАЛЕКТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМ ОБРАЗДАҒЫ СИПАТЫ

Хайратқызы Айдана

Yenshibay04@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» тобының 3 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., қауым. проф. Ф.Ә.Үсен

Жан диалектикасы -көркем шығармада адамның ой-сезімін, көңіл-күйін, олардың өзара әрекеттесуін және психикалық өзгеріс пен заңдылықтарын егжей-тегжейлі жаңғырту. Ол әр жазушының шеберлігіне қарай әртүрлі сипатталады. Гюстав Флобер ХІХ ғасырдың ортасында өмір сүрген француз жазушысы. Әйгілі “Бовари ханым” романының авторы. Бұл романға дейін жазушы өмірбақи тұрмысқа шықпай күн кешкен Антонио туралы әңгімесін ұсынған болатын. Әңгіме басқа жазушылардың сынына ұшырап, Г.Флоберге реализмге байланысты шығарма жазуға кеңес берілді. “Бовари ханым” романындағы Шарль автордың әкесінің қоластында дәрігер ретінде қызмет атқарған - Эжен Деламардың прототипі болса, Эмма - Эженнің екінші әйелі Дельфина Кутюрьенің прототипі. Жазушы Г.Флобер өзінің бір сөзінде “Эмма Бовари - ол мен” деп жазады. Алайда, қайтыс болған Дельфина Кутюрьенің мазарындағы “Мадам Бовари” жазбасы шығармадағы Эмма мен Дельфинаның байланысын меңзейді. “Бовари ханым” романын жазуды Г.Флобер 1851 жылы қолға алады. Бұл шығарманы жазуда көп тер төккен ол мышьяктан уланудың белгілеріне зерттеу жүргізеді. Мышьяқтың құрамын, иісін және соңы неге әкеліп соғарын сезінген жазушы Эмма Боваридың улануын жазып отырып, өзі де сол сезімдерді бастан кешірген.

Роман 1856 жылы жарыққа шығып, күйеуінің көзіне шөп салған бас кейіпкердің әрекеттері тым ашық сипатталғаны үшін сынға алынды. Кітап мәселесі сотта қаралып, Г.Флобер жеңіске жетті. Нәтижесінде, роман 1857 жылы толыққанды басылып , оқырманға ұсынылды. Қазіргі таңда Руандық кітапханада Г.Флобердың 5 жыл бойы шығармаға енгізген өзгертулері сақталып тұр. Шығармадағы бас кейіпкер Эмма әртүрлі сезімді бастан кешіреді. Жолдасы Шарльге сүйіп қосылып, өзін бастапқы кезде бақытты әйел санайды. Кезінде монастырьде оқыған ол романтикалық кітаптар оқып, махаббатты басқаша елестетеді. Сондықтан өзін жақсы көретін жолдасы болса

да, тыныш бақытты өмір кешсе де, қиялындағы махаббатқа сай әрекет көрмеген Эмма мұндай өмірден жалыға бастайды. Жалыққан әйел артық жүріске көшеді. Өзін сүйетін жолдасына сатқындық жасап, Родольфтай ауқатты жанды қатты сүйіп, ол да оны дәл солай сүйіп қалады деп ойлайды. Алайда, неше түрлі сұлуды көрген Родольф Эммаға шын ғашығындай емес, кезекті көңілдесіндей қарайды.

Уақыт өте келе Эмmanın артық жүрісі, махаббатқа беріліп бар әлемді ұмытуы оның өмірімен қоштасуына себеп болады. Эмма өзінің бар бақытын бағалай алмай, өмірден өтеді. Ұлы романның авторы Гюстав Флобер ХІХ ғасырдың соңында қайтыс болды. Ал осы ғасыр соңында Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев өмірге келді. Қаламгердің шығармашылығы ұлт-азаттық, махаббат және туған жер тақырыбында кеңінен өрбіді. 1922-25 жылдар аралығында ақын тек өлең шығарып қана қоймай, прозаға да ден қойды. Осы кезеңде “Шолпанның күнәсі” шығармасы жарық көрді. Әңгіме қазақ жұртының дәстүрлі өмірінен ғана сыр шертпей, сол кезеңдегі әйел тағдырын суреттейді. Бас кейіпкер Шолпанның өмірі басқа әйелдерге қарағанда мүлде бөлек. Жазушы қалың малға сатылып, бақытсыз күй кешкен қыз тағдырын емес, өз теңіне сүйіп қосылған, бақытты өмірден көрініс береді. Шығармада баланы махаббатқа кері әсер етеді деп есептеген Шолпан құдайдан балалы болмауды тілейді. Өзі де, жолдасы Сәрсенбай да бала туралы әңгіме қозғамайды. Шолпан өзін баласыз да бақытты сезінеді.

Арада бірнеше жыл өткен соң жолдасы Сәрсенбайдың “балалы үй базар, баласыз үй мазар екен ғой” деген мақалы Шолпанның көңіліне тиеді. Шолпан бала сүюдің бақыт екенін түсініп, өз ішінен тынады. Жазушы шығарманың осы бөлімін ерекше эмоциямен сипаттаған. Бас кейіпкердің өз ішінен тынуы, сезімдерін сыртқа шығара алмай тек Алламен сөйлесуі, айналасының Шолпанның бұл ісін күлкі етуі ерекше көрсетіледі. Ақыры, бала сүюден күдерін үзген келіншек жолдасын бедеу деп есептейді. Осы сәтте ол Сәрсенбайдың көзіне шөп салса да, бала табамын деп бекінеді. Арам жолмен мақсатына жеткен Шолпан, еті үйреніп кеткендей артық жүрісін тоқтатпайды. Бұл жүріс оның түбіне жетеді.

Г.Флобер де М.Жұмабаев та өз кейіпкерлерін эмоциялық тұрғыдан жоғары деңгейде сипаттаған. Гюстав - реалист-жазушы ал Мағжан - ақын. Екі жазушы да бас кейіпкерлердің оқиғаларын өз бастарынан өткергендей оқырманға жеткізе білді. Шығармаларда психологизм қолданылған. Қазақ прозасындағы психологизм туралы ең алғаш зерттеген ғалым Г.Пірәлі: “Психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып т.б деген мәселелер алдыңғы сапқа қойылмайды. Ең бастысы - адамның ішкі мұңы, өмірі, азапты тағдыр-тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы. Әдеби психологизмде оқиғалар емес жеке адам өмірі басты назарға алынады.” Бұл тұжырым өте орынды. Себебі біз салыстырғалы отырған Г.Флобер мен М.Жұмабаев шығармаларында психологизм жоғарыда айтылған пікірдегідей айтылады. Яғни, “Бовари ханым” және “Шолпанның күнәсінде” белгілі бір елең аларлық оқиғалар айтылмайды. Эмmanın қиялы, кітаптағыдай махаббаты қалауы. Бірақ қалауындағыдай адамға мүлде ұқсамайтын адамға жолығып ғашық болуы, кімді сүйсе де беріліп сүюі, ақыры өз сезімдерімен арпалысып, өзін ешкімге керексіз сезініп өмірден өтуінің өзінде адамның жеке тағдыры, ішкі мұң-шері жатыр.

Ал Шолпанның өз ішінде болып жатқан сұрапыл дауылды жолдасымен де бөліспеуі, жолдасы да қызығып сұрамауы нәтижесінде Шолпан неше түрлі дүние ойлап, өз ойларымен соғысады. Ақыры Шолпан өз жолдасы мен қалың әйелдің қолынан қаза табады. Шығармалардағы жан диалектикасына келсек, “Бовари ханым” шығармасында: Эмма мен Шарль арасындағы сезім ұшқыны; Эмmanın біртекті өмірден жалыға бастауы; Эмmanın басқа адаммен жақын байланысқа түсуі; сырқатқа шалдығып, қолдау күтуі; ешқандай қолдау таба алмай өз-өзіне қол жұмсауы.

“Шолпанның күнәсі”: Шолпанның сүйгеніне қосылуы; құдайдан бала бермеуін тілеуі; баласыз өмірдің қасіретін түсініп, тәубеге келуі; жалғыз күресіп, қолынан ештеңе келмеген соң жас жігітпен жақын байланысқа түсуі; байланысын үзбей, күйеуіне ұсталуы; жан-жақтан жасалған қысымнан қайтыс болуы.

“Бовари ханым” және “Шолпанның күнәсі” шығармаларының ұқсастықтағы мен айырмашылығы туралы кеңінен сөз етуге болады.

Біріншіден, Г.Флобердің Эммасы да, М.Жұмабаевтың Шолпаны да сатқындық жасайды. Шолпан - амалдың жоғынан мұндай әрекетке барса, Эмма - өзінің ойындағы “махаббат” бейнесін іздейді. Бұл туралы француз жазушысы Андре Моруа: “Шығарманың шын сюжеті - шынайы өмір мен арман арасындағы алшақтық” - деп пікір білдірді. Екі кейіпкер де махаббат үшін осындай жағдайға душар болады. Бірақ екеуінің де хикаялары ұзаққа созылмайды. Бала сүю мақсатына жеткен Шолпан өзінің жас жігіті Әзімбаймен байланысын үзбейді. Оның қасында ерекше сезімге бөленетінін түсінеді. Ал Эмма Родольфтан таба алмаған бақытын, Леоннан іздейді. Леонның қасында жаңа сезімдерді бастан кешіремін деп үміттенеді. Өзінің алданғанын ол кеш түсінеді. Екіншіден, Шолпан да Эммада басқа жанмен көңіл жарастырып жүріп, бұл істің жақсылыққа апармайтынын ойламайды. Кейіпкерлер осы сәтпен өмір сүруді таңдайды. Шолпан да Эммада саналы түрде бұл әрекеттерінің дұрыс еместігіне көздері жетсе де, Шолпан қимастықпен ал Эмма жаңа бақытымды таптым деген сылтаумен көңілдерімен қарым-қатынасты күшейтеді. Бұл тұста, екі кейіпкердің айырмашылығы Шолпан Әзімбаймен жай уақыт өткізгенді ұнатса, Эмма Родольфтен шынайы отбасы құруды талап етіп, осы талабынан опық жейді. Шолпан туралы ауыл ішінде кішігірім қауесет таралғанда, Сәрсенбай үйге көңілсіз келіп әйелін түймедей нәрседен ұруды әдетке айналдырады. Бұл жағдай Шолпанға өте ауыр тиіп, ол өзін нашар сезінеді. Әр түнін жылаумен өткізеді. Ал Эмма Шарльдің сәтсіз отасынан кейін оған мүлде көңілі суиды. Енесімен келіспеушіліктен соң, көңілдесі Родольфтен оны алысқа алып кетуді талап етеді. Алайда, мұндай жағдайға қаражат жұмсау ойында болмаған Родольф Эммамен байланысын үзеді. Эмма өзіне қол жұмсай жаздап, сырқатқа шалдығып, қырық күн орнынан қозғала алмайды. Бұл оқиғаларда екі кейіпкердің айырмашылығы - талапшылдықта. Шолпан Әзімбайды жай көңілде ретінде көріп қана байланысады, Әзімбайдан артық ештеңе талап етпейді. Керісінше Эмма Родольфтен өмірлік жарын көріп, талабын күшейтеді. Ал Родольф оны тек көңілде ретінде көретінінен хабары болмайды.

Үшінші жағдай кейіпкерлердің өлімі. Шолпанның сатқындығына Сәрсембай үйіне ерте келіп өз көзімен куә болады. Аяғы ауыр әйелін өлгенше сабап, араша түскендерге мән бермейді. Кейін Шолпанды тазарту мақсатында оған лағынет айтқан әйелдер 40 шелек суық суды әйелге құяды. Ертесіне көзін әзер ашып, бірден баласын іздеген Шолпан қайтыс болады. Өзінің сүйген жарына бала тауып бақытты қыламын деп ойлаған әйел істің насырға қалай шапқанын білмей, өмірден өтеді. Эмма - сәнқой әйел. Сән қуамын деп, қарызға белшесінен батқан ол - ешкімнен қолдау таба алмайды. Қиын жағдайға түскен кезінде оған Шарль де, Родольф пен Леон да көмек қолын созбайды. Қатты түңілген Эмма мышьяқты көп мөлшерде ішіп қояды. Өмірден өз бақытын таба алмай, барын бағаламай Эмма да өз өмірімен қош айтысады. Екі шығармада психологиялық шытырманға толы. “Барымен - базар” болып өмір сүруді қаламай, өзгеріс енгізгісі келген әйелдердің өмірі - өлімге әкеліп соқты.

Шолпанның өз қатесін түсініп, жаратқанынан кешірім сұрап, өз ішінен тынған шағында, жолдасы Сәрсембайдың да мазақ етіп, ашылып сөйлеспеуі де әйелдің сатқындық жасауына түрткі болғандай. Шолпанды не мазалайтыны ешкімді қызықтырмады. Тірі жанға ашылып сөйлесе алмаған әйел өз сатқындығының құрбаны болды.

Эмманың қиялындағы махаббаты, оның ішкі дүниесін білуге тырыспаған Шарль Эммамен мақтанып, күнделікті өмірін сүргеніне мәз болды. Олардың өмірі әр күн сайын бір сарында өтті. Ақыры, Эмма жалығып жаңаша махаббатқа құмартты. Бірақ әйел ешбір жаннан өзі армандаған махаббатты таба алмады. Талапшылдық Эмма Боваридың түбіне жетті. Әйел тағдыры туралы шығарма жазу орасан зор еңбек пен зерттеуді қажет етеді. Әйел жанын, оның нәзіктігін түсіну авторларға оңайға түспегені анық. Екі автор да ерекше тақырып таңдады. Әйелді сатқындыққа не әкеледі? Қандай жағдайда әйел мұндай әрекетке баруы мүмкін?

Г.Флобер де М.Жұмабаев та осы сұрақты өз ой електерінен өткізіп, кең түрде шығармада талдап берді. Әйел жанын түсіруге тырысып олардың эмоциясын, мінезін және қоғамдағы орны мен күнделікті жағдайын суреттеді. Г.Флобердің романының ұлылыққа ие болуы ал М.Жұмабаевтың қазақ шығармаларына жаңашылдық әкелуі - әйел тақырыбы.

Жазушылардың сөз шеберлігі оқырманды ерекше сезімге бөлейді. Екі шығарма - екі тағдыр, екі түрлі жағдай. Бірақ екі жағдай, екі тағдыр - әйелдер өмірінің байланысынан сыр шертеді. Бір ғасырда дүниеге келген екі жазушы, екі түрлі өмірден екі түрлі халықтың дәстүрінен хабар береді. Психологиялық ұқсастық, идея және ой бұл шығармаларда бір-бірімен ұштасады. Екеуі де прозаның асыл шыңына жетіп, халық жүрегінен орын тапты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Әдебиет теориясы: Антология I - Қазақстанның ашық университеті.
- 2.Флобер Г. Госпожа Бовари. - М.: Время, 2018. -384 б.
- 3.Жұмабаев М. Шығармалары, I-II том. - Алматы: Жазушы, 1996. – 117-119 бб.

ӘОЖ 12.02

НОН-ФИКШН – ШЫН БОЛМЫСТЫҢ БЕЙНЕСІ: НОН-ФИКШН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ДЕРЕКТЕР МЕН ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

Хұсанова Ақбота Көрікбайқызы

ak.botakan.kz@mail.ru

Педагогика ғылымдарының магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф.м.а. Б.С.Абдуова

Әдебиет – қай ғасырда да әдебиет. Көзі қарақтының бәрі бас иетін осынау әдебиеттің сыры мен қыры мәңгілік екені ешқандай дау тудырмаса керек. Иә, қай заманда да қаламның ізі – өмірдің ізі болып қала бермек. Заман ағымы, уақыт бедері – күннен күнге жаңғырып, ойдан асып озып барады: ғаламат өзгерістерімен, даму үрдістерімен, заманауи жаңалықтарымен, қиялдағы кереметтерімен, зерделі жаңғыруларымен сәт сайын құбылуда. Өткен, кешегі, бүгінгі әдебиеттің өрлеуіне қарап бұл өмір мәңгілік энергиямен жаратылған, адамзаттың ақыл-ойын алға жетелеген ғаламдық үдеріс деген ой түйесің.

Әдебиет сол үдерістің қарапайым жыршысы десек те болар. Оның бәрі әдебиеттің сан алуан жанрларының басты тақырыбы болған, қазіргі дамуында да сол дәстүр жалғасын тауып келеді. Бүгінгі күн – деректі жанрдың дәуірі. Дүниежүзіндегі дүбірлі оқиғалар мен саяси қақтығыстар, түрлі сипаттағы әлеуметтік төңкерістер адам ойына ықпал етпей қоймайды.

Соңғы кезде әдебиет саласында ағылшын тіліндегі нон-фикшн термині кең тарады. Терминологияның қатары көбейгені, әрине, жақсы шығар. Бірақ көп оқырмандардың көңілінен шығып жатқаны анық. Нон-фикшн деректі шығармалардың бір түрі деп қарауға болады. Деректі шығармаларға жақын, әдеби шығармалардан алыс. Яғни, шығарма авторы өз басынан кешкен, өзі көрген және куә болған жәйттарды нақты деректер арқылы жазады.

Ағылшын тіліндегі нон-фикшн (ағылшынша – non-fiction), төтесінен айтқанда «ойдан шығарылмаған» ұғымын қамтитын «деректі прозаны» білдіреді. Ол көркем проза мен поэзиядан, драматургиядан, сын мен фантастикадан өзге әдебиеттің барша түрінің басын қосады[1].

Дегенмен, нон-фикшн деген не? Бұл интернетте жиі жазылатын жаңа жанр немесе әдебиеттегі жаңа бағыт болса, оның ерекшелігі неде? Ал егер бұл ескі жанрдың басқа атауы болса, оның маңыздылығы қандай? Бұл туралы көптеген болжамдар бар. Көркем әдебиеттегі бағыт, дәлірек айтсақ, әдебиет түрі деуге болады. Бірақ бұл жерде «жанр» түрі сәйкес келмейтіні анық. Бұл деректі прозаның жанры деген пікірлерді де жиі кездестіруге болады. Шетел зерттеулеріне қарағанда, ағылшын тіліндегі нарратологияда (мәтіндер туралы ғылым) барлық әдебиет фикшн (fiction) және нон-фикшн (non-fiction) жанры деп екі түрге бөлінеді.